

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№67 гимназия» шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

## 2021 ЖЫЛДЫҢ 1-ТОҚСАНЫ БОЙЫНША ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

### ХАТТАМА № 1

**Күні:** 19.03.2021ж.

**Өткізілу түрі:** ZOOM форматы

**Қатысушылар:** Қамқоршылық кеңесі мүшелері  
1-11 сынып ата-аналар комитеттері

қатысқаны -83

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2021 жылдың 1 тоқсанында жүргізілген қамқоршылық кеңесінің жұмысы туралы – Ғ. Үрметова қамқоршылық кеңесі төрайымы

### Тыңдалды:

1. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Үрметова Ғазиза Маратқызы 2020-2021 оқу жылының қамқоршылық кеңесі мүшелері мен гимназия әкімшілігімен бірлескен жұмыс жоспарына сәйкес атқарылған жұмыстар жайында таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері мектептің оқу-тәрбие процестеріне тығыз байланыс жасай отырып, мектептің дамуына өз үлестерін қосты. Соның ішінде биылғы қашықтан оқыту кезінде ата-аналарға арналған нұсқаулықтар туралы таныстырылып, сыныптар бойынша онлайн кездеуслер ұйымдастырылды. Гимназияның іс-шаралары жоспарына сәйкес атаулы мерекелерде белсенділік танытуда «Бақытты отбасы» жобасы, «Өркендеу» ұлттық тәрбие жобасы, «Ұлттық ойындар», «Ата-ананың мектептегі бір күні», «Аналар мектебі», «Әкелер кеңесі», «Оқуға құштар мектеп», «Эко Асар», «Мағжан педагогикасы» жобалары аясындағы жүргізілген онлайн тәрбие жұмыстарына оқушылармен бірлесе қатысып, жұмыстары әлеуметтік желінің №67 гимназия фейсбук, инстаграмм парақшаларында үнемі жарияланып отырды. 2021 жылдың қаңтар-ақпан айларында «Эко асар» жобасына ата-аналар мен оқушылардың қатысуымен онлайн сынып сағаттары және қалдықтардан макулатура жинауға өз үлестерін қосты. 03.02.2021ж. 03.02.2017 күні а ардагер ұстаз, қазыналы қария, СҚО Мәмлүт ауданының құрметті азаматы, ҚР Білім беру саласының үздігі, академик Носиев Қажымұрат Нәсіұлы мен гимназиямыздың 7 "з" сынып оқушыларының «І.Есенберлиннің өскелең ұрпаққа қалдырған мұрасы» тақырыбындағы онлайн кездесуі өткізілді. 2021ж. 23 ақпан күні Қамқоршылық кеңесі 7-11 сынып оқушыларын және ата-аналарын ZOOM конференциясына «Астана Дарыны» дарындылықты дамыту мен психологиялық сүйемелдеу отралығындағы зияткерлік қабілет пен өзін өзі кәсіби тұлға ретінде анықтауға бағытталған «Qabilet» кәсіби бағдарлау қызметінің жұмысымен таныстырылды.

25.02.2021ж. «Болашаққа бағдар рухъани жаңғыру» аясында “Менің өнерлі отбасым” онлайн байқауында Исламхан отбасы дуэті 1 орынды иеленді.

18.03.2021ж. ANTIKORLIVE & АДАЛ КӨМЕК жобалары аясында өткізілген "Ата-аналар мен оқушыларға құқықтық кеңес беру" тікелей эфиріне қатысты. 27.02.2021ж. күні «ӨРКЕНДЕУ» ЖОБАСЫНЫҢ АРҚАУЫ - ҰЛТТЫҚ КОД» тақырыбында республикалық веб-семинарына «Ата мектебі», «Әже мектебі», «Әке мектебі», «Ана мектебі», «Аға мектебі», «Жеңге мектебі» бағыттары бойынша ата-аналармен бірлескен жұмыстар жүргізілді.

01.03.2021ж. "1 НАУРЫЗ - АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ" мерекесіне арналған сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен отбасыларындағы алғыс айту мерекесін онлайн форматында сұхбат, құттықтаулар, бейнежазбалар әлеуметтік желіде жарияланды. 16.03.2021ж. "ОҚУШЫ- АТА- АНА- МҰҒАЛІМ" бірлігіндегі жобалар арқылы жүзеге асырылуда. Ұлттық тәрбиеге баулу мақсатындағы "МАҒЖАН ПЕДАГОГИКАСЫ- ҚҰНДЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ" тақырыбында жоспарлы іс- шаралардың бастамасымен "Мағжан педагогикасы: отбасы тәрбиесі" атты шараны "Ұлыстың ұлы күні-Наурыз" тақырыбында онлайн, оффлайн ашық іс-шаралар ұйымдастырылды. Сыныптан тыс тәрбие жұмыстарына қамқоршылық кеңесінің ұйымдастыруымен ата-аналар комитеттері және 1-7 сынып ата-аналары қазақтың ұлттық салт- дәстүрі мен мәдениетін оқушыларға дәріптеді.

2. Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің жоспарға сәйкес отырыстары уақытылы өткізіліп отырды. Олар: 1. 02.02.2021ж. күні 1-4, 5, 9, 11 сыныптардың аралас форматта оқытылуы 2021 жылдың 3 наурыз күні уақытша карантин күндерінің уақыты аяқталады. Оқушылардың сабаққа келуін, аралас 1300 оқушы мектепте аралас форматта оқиды. Осы сыныптар толығымен оқиды. 9,11 сыныпта -19 топ, 5 сыныптарда 24 оқушыдан отырады, екі кезеңге бөлініп оқиды 1,2 сыныптарда – бала санының 27-ден асуына байланысты басқа сыныптарға бөлінеді. 3,4 сыныптар – бөлінбейді. Сынып кабинеттерінің аралас форматтағы сыныптарға бөлінуіне байланысты сыныптағы оқушылар санына қарай басқа топқа бөлініп оқиды. 12.03.2021ж. күні кезектен тыс қамқоршылық кеңесі және ата-аналар комитеттерінің отырысында 1-5, 9, 11 -сыныптарда аралас оқыту режимінің сақталуы. 15 оқушыға дейінгі топтарда білім шығынын қалпына келтіру үшін жеке кеңес беруді ұйымдастыру: “Сенбілік мектеп”, “Көктемгі каникул мектебі” -6,7,8,10 сыныптар. “Ата-ана, оқушы, мұғалім” бірлігіндегі “Мағжан педагогикасы негізіндегі құндылыққа бағдарланған білім”

- “Ата-ананың мектептегі бір күні” 1-4 сыныптар

- “Болашақ жол өзіңнен басталады” кәсіби бағдар кеңесі 9-11 сыныптар


- “Ата-аналарға арналған педагогикалық- психологиялық қызмет” –

жұмыстарының ұйымдастырылуы жайында таныстырылды.

















Қаулы:

1. 2021 жылдың 1 тоқсанында жүргізілген қамқоршылық кеңесінің жұмысы «қанағаттанарлық» деп қорытындылансын.

**Қамқоршылық кеңес мүшелері:**

**Төрайымы:**  — Урметова Газиза Маратовна

**Мүшелері:**

1. Дюсенбаева Эльмира Мейрамбековна 
  2. Секерова Райгуль Ералиевна 
  3. Турсынова Маржан Палхожаевна 
  4. Доланова Индира Абсабыровна 
  5. Кульмаганбетов Нурлан Айтболатович 
  6. Ануарбек Молдир Бахытжанқызы 
  7. Серкебаева Анар Маукеновна 
  8. Маделиева Анар Естаевна 
  9. Абдрахманова Лаура Адилетовна 
  10. Қолтыш Айман Айтмаханқызы 
  11. Новаева Шолпан Жанабаевна 
  12. Ахметова Жанар Джумабаевна 
  13. Стамкулова Айнаш Жұмағадырқызы 
  14. Еспаев Бақытбек Тунғышбаевич 
-  

**Хатшы:**



Г.Б. Оналбаева